

"2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 187 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 374 қаулысы

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 41, 79 және 111-баптарына және "Экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 287 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 126 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының ҮкіметіҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 187 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберіндегі іс-шараларды іске асыру үшін 2020 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттан 295 454 825 мың теңге мөлшеріндегі сома:

1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтамасыз етуге берілетін 282 323 682 мың теңге сомасындағы нысаналы трансферттерді мынадай іс-шараларды қаржыландыруға аудару үшін бөлінсін:

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инженерлік-көліктік инфрақұрылым объектілерін, әлеуметтік-мәдени объектілерді жөндеуге және елді мекендерді абаттандыруға – 191 536 948 мың теңге;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инженерлік-көліктік инфрақұрылым объектілерін, әлеуметтік-мәдени объектілерді және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салуға және (немесе) реконструкциялауға – 90 786 734 мың теңге;

2) Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне су шаруашылығы нысандарын салу және (немесе) реконструкциялауға аудару үшін 8 166 000 мың теңге;

3) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне қорғаныс нысандарын жөндеуге 4 965 143 мың теңге бөлінсін.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2020 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының шешімі негізінде Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасын іске асыруға берілген 4 545 175 мың теңге сомасындағы қаражатты бөлу туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.";

көрсетілген қаулыға 55-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 57-қосымшада:

мына:

"

| | | | | |
|----|------------------|-------------|------------|-------------|
| | Барлығы | 281 323 682 | 89 786 734 | 191 536 948 |
| 8. | Қарағанды облысы | 12 667 000 | 6 051 054 | 6 615 946 |

"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|----|------------------|-------------|------------|-------------|
| | Барлығы | 282 323 682 | 90 786 734 | 191 536 948 |
| 8. | Қарағанды облысы | 13 667 000 | 7 051 054 | 6 615 946 |

";

көрсетілген қаулыға 59-қосымшада:

15-жолдан кейін мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 15-1-жолмен толықтырылсын:

"

| | | | | | |
|------|--|--|--|---|---|
| 15-1 | Ұлттық бренд пен оны ілгерілету стратегиясын әзірлеу | 1. Қазақстанның имиджін оң мазмұнмен толықтыруға, сондай-ақ елдің шетелде танымалдығын арттыруға бағытталған Қазақстанның жаңа ұлттық брендін (елдік лого, брендбук, бірыңғай түстік палитраның стандарттары, түпнұсқа қаріп және т. б.) әзірлеу. Жаңа визуалды бейне қазақ философиясының негізгі белгілері – ұрпақтардың тарихи сабақтастығын сақтауға көмектесетін іргелі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бейнелейтін болады. 2. Ұлттық бірегейлікті күшейтуге, қазақстандықтардың ұлттың мәдени | Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық | "Рухани жаңғыру" қазақстандық қоғамдық даму | 003 Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" 100 Мемлекеттік |
|------|--|--|--|---|---|

| | | | | | |
|---------------------------------|---|---------------------|-----------------|-------------------------------------|------------|
| арқылы қоғамдық сананы жаңғырту | кодын сақтау идеясының төңірегінде бірігуіне, азаматтардың мақтанышы мен жауапкершілігін арттыруға, қазақстандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне, Қазақстанның сыртқы экономикалық және саяси мүдделерін ілгерілетуге ықпал ететін коммуникацияның барлық негізгі арналары бойынша Ұлттық брендті ілгерілету және танымал ету стратегиясын әзірлеу | д а м у министрлігі | институты" КеАҚ | ақпараттық тапсырысты орналастыру " | 480 190 |
|---------------------------------|---|---------------------|-----------------|-------------------------------------|------------|

."

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен бірлесіп, тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

3. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
ремьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 19 маусымдағы
№ 374 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 9 сәуірдегі
№ 187 қаулысына
55-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв сомаларын бөлу

| Әкімші | | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|------------|-----------------|--|----------------------|
| Бағдарлама | Кіші бағдарлама | | |
| 217 | | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі | 266 632 639 |
| | 010 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві | 266 632 639 |
| | 100 | Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві | 23 500 000 |
| | 101 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві | 242 182 639 |
| | 102 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттар шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резерві | 600 000 |
| | | | |

| | | | |
|--|-----|---|---------|
| | 103 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резерві | 350 000 |
|--|-----|---|---------|

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ